

# Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары (№509 26.11.2019ж.)

## 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау

### №125 бұйрыққа енгізілген өзгерістер (26.11.2019 ж. №509)

Ана тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – жазбаша жұмыс (эссе), гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе).

Математикадан жазбаша емтихан (алгебра).

Орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен **жазбаша емтихан және** қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен **жазбаша емтихан.**

Таңдау пәні бойынша (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) жазбаша емтихан.

- 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:
- 1) қазақ/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан:, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);
- 2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
- 3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан.»;

## 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау

### №125 бұйрыққа енгізілген өзгерістер (2019ж. 26.11.№509)

9(10) сынып білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық мектептердің 9(10) сынып білім алушылары және мектептердің 11(12) сынып білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі дайындайды.

Қорытынды аттестаттаудың мазмұнын анықтайтын талаптар және күтілетін нәтижелер әр пән мен оқыту тілі бөлінісінде ерекшелікпен регламенттеледі.

Бір және екі пәннен жылдық қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау өткенге дейін **сол пәндерден оқу жылы бойынша қосымша жиынтық бағалау жүргізіледі.**

9(10) сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – 2 астрономиялық сағат, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – 3 астрономиялық сағат (физика-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді.

# Білім алушыларының қорытынды аттестаттауы бойынша

## №125 бұйрыққа енгізілген өзгерістер (26.11.2019ж. №509)

Жазбаша емтихан және тестілеу аяқталғаннан кейін Комиссия мүшелері мектеп ғимаратында жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің жұмыстарынан басқа білім алушылардың жұмыстарын тексереді.

Тексерілмеген жұмыстар мектеп басшысына сақтау үшін тапсырылады. Тексеру кезінде қателердің асты **сызылады**. Жалпы орта білім курсы бойынша эсседе қателердің саны **жеке көрсетіледі**.

Математика (алгебра) пәні бойынша **"2" және "5"** деген бағалар қойылған жазбаша жұмыстарға мектеп Комиссиясы **пікір жазады**. 9 (10) сыныпта жұмыстар **балл қою схемасына** сәйкес тексеріледі.

11(12) сыныптағы **эссе екі бағамен**, негізгі және жалпы орта білім курсы үшін математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан жұмысы **бір бағамен** бағаланады.

9(10) сынып білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері балл түрінде **журналға (қағаз/электрондық)** қойылады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес емтихан балдарын **емтихан бағасына** ауыстыру шәкілі бойынша ауыстырылады.

9(10) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға **емтихан нәтижелері** (бес балдық шәкіл бойынша) және **оқу жылындағы тоқсандық бағалар** (бес балдық шәкіл бойынша) **30% - 70%** пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу ең жақын бүтіндікке қарай жүргізіледі.

*Пәндер бойынша қорытынды  
аттестаттау спецификациясы*

# «Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде) емтихан жұмысының сипаттамасы

«Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде)  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9-сынып

<b>Оқылым және жазылым</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 400-450 сөз).</p> <p>Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде 170-200 сөзден тұратын жазба жұмысын (эссе) орындайды.</p> <p>Гуманитарлық циклдағы пәндерді <b>тереңдетіп оқытатын</b> мектептің білім алушылары үшін емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі –450-500 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысын (мақала, эссе, әңгіме) орындайды.</p> <p>Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын тиімді пайдаланып, стильдік және жанрлық ерекшелікті сақтап, аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.</p> <p>Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.</p>	
<b>Максималды балл</b>	<b>20 балл</b>

# «Қазақ әдебиеті» пәнінен ЕМТИХАН ЖҰМЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

«Қазақ әдебиеті» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9-сынып

<b>Емтихан жұмысы</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы барлығы 30 балмен бағаланатын екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бірнеше таңдауы бар, ал В бөлімі толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтиды.</p> <p><b>А бөлімі</b> Білім алушылар 4 бір және бірнеше таңдауы бар, сондай-ақ сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Әр дұрыс жауап 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> Білім алушылар толық жауапты қажет ететін 4 тапсырма орындайды. 5,6,7- тапсырмаларды орындау үшін білім алушыға көлемі 200-250 сөзден тұратын көркем шығарма үзіндісі беріледі. Тапсырмалар 3-9 балмен бағаланады.</p>	
<b>Максималды балл</b>	<b>30 балл</b>



# «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен (оқыту қазақ тілінде емес) емтихан жұмысының сипаттамасы

«Қазақ тілі» пәнінен  
(оқыту қазақ тілінде емес)  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9-сынып

<b>Оқылым</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы жалпы көлемі 300-350 сөзден тұратын бір мәтінге негізделген міндетті үш тапсырмадан тұрады.</p> <p><b>1-тапсырма</b> мәтін тақырыбы бойынша арнайы лексиканы түсінуге негізделеді. Мәтінде кездесетін 5 сөздің лексикалық мағынасына балама сөздер ұсынылады. Білім алушы ұсынылған сөздерге мағыналас сөздерді мәтіннен тауып жазуы қажет. Берілген сұрақтар білім алушылардың тілді қолдана алуы мен контексте жекелеген лексиканың мағынасын түсіну дағдыларын көрсетуін бағалайды.</p> <p><b>2-тапсырма</b> перифраз тәсілі арқылы орындалады. Мәтінде кездесетін сөйлемдердің түпнұсқалық мағынасын сақтай отырып, құрылымын перифраз тәсілі арқылы өзгертіп, қайта жазу жұмысы ұсынылады. Ол үшін сөйлемдердің басы (сөз, сөз тіркесімен) ғана беріледі. Бұл жұмыс білім алушының мәтін мазмұнын тұтастай түсінуі мен грамматикалық құрылымды дұрыс қолдану дағдысын бағалайды.</p> <p><b>3-тапсырма</b> қысқа және толық жауапты қажет ететін ашық сұрақтардан тұрады. Білім алушылар мәтін бойынша қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 ашық сұраққа жауап береді. Берілген тапсырманың сұрақтары білім алушылардың мәтін бойынша нақты сұраққа жауап беру мен тілді қолдана алуын және өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуін, қорытынды жасай алуын, сондай – ақ грамматикалық құрылымды дұрыс қолдану дағдысын бағалайды.</p>	
<b>Максималды балл</b>	<b>30 балл</b>

# Обзор итоговой аттестации по предмету «Русский язык»

Национальная академия образования им.  
И. Алтынсарина  
Автономная организация образования  
«Назарбаев Интеллектуальные школы»

**Спецификация**  
итоговой аттестации по предмету  
«Русский язык»  
(с русским языком обучения)

**9 класс**

<b>Чтение и письмо</b>	<b>2 часа</b>
<p>Экзаменационная работа предполагает работу с двумя текстами (общий объем текстов – 400-450 слов). На основе текстов обучающиеся выполняют письменную работу – эссе-аргументация (170-200 слов), в которой используются аргументы, факты и соответствующая лексика.</p> <p>Пользоваться словарями <b>запрещается</b>.</p> <p>Для обучающихся с углубленным изучением предметов гуманитарного цикла экзаменационная работа предполагает работу с двумя текстами (общий объем текстов – 450-500 слов). На основе текстов обучающиеся выполняют письменную работу – эссе/ статья/ рассказ (200-250 слов), в которой используются аргументы, факты и соответствующая лексика.</p> <p>Пользоваться словарями <b>запрещается</b>.</p>	
<b>Максимальный балл</b>	<b>20 баллов</b>

# Обзор итоговой аттестации по предмету «Литература»

**Спецификация  
итоговой аттестации по  
предмету  
«Русская литература»  
(с русским языком обучения)**

**9 класс**

<b>Время выполнения</b>	<b>2 часа</b>
<p>Экзаменационная работа состоит из двух частей: А и В.</p> <p><b>Часть А</b> Обучающиеся выполняют 4 задания с выбором одного и нескольких правильных ответов. Баллы выставляются согласно схеме выставления баллов.</p> <p><b>Часть В</b> Обучающиеся выполняют 4 задания, требующие развернутый ответ. Обучающиеся отвечают на три вопроса, основанных на фрагменте (эпизоде) из произведения. Четвертый вопрос предполагает написание эссе объемом 150- 170 слов. Баллы выставляются согласно схеме выставления баллов.</p>	
<b>Всего</b>	<b>30 баллов</b>

# Обзор итоговой аттестации по предмету «Русский язык и литература» (с нерусским языком обучения)

Спецификация  
итоговой аттестации по  
предмету  
«Русский язык и литература»  
(с нерусским языком обучения)

9 класс

<b>Время выполнения</b>	<b>2 часа</b>
<p>Экзаменационная работа состоит из трёх обязательных заданий, выполняемых по одному тексту, которая оценивает способности обучающихся продемонстрировать навыки понимания прочитанного (чтение на понимание основного содержания, чтение на полное понимание прочитанного). Вопросы направлены на проверку словарного запаса, правильного применения грамматических структур русского языка, на понимание текста.</p> <p>В <b>Задании 1</b> обучающиеся находят в тексте слова, которые соответствуют предложенным определениям.</p> <p>В <b>Задании 2</b> обучающиеся составляют предложения, которые должны начинаться с заданных слов и означать то же самое, что и исходное предложение. Задания 1 и 2 оценивают понимание лексического значения слов на основе прочитанного текста и грамматические навыки.</p> <p>В <b>Задании 3</b> обучающиеся отвечают на вопросы по тексту, требующие краткого и/или развёрнутого ответа, извлекая общую и специфическую информацию, выражая собственные мысли и мнение, делая выводы по прочитанному. Задание 3 оценивает понимание содержания прочитанного текста и грамматические навыки.</p>	
<b>Всего</b>	<b>30 баллов</b>

# «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«АҒЫЛШЫН ТІЛІ» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

<b>Duration</b>	<b>2 hours</b>
<p>The Paper consists of three tasks of <b>18 questions</b> based on texts of a range of styles and genres within the framework of familiar topics. The amount of words in the text is 270-320 words.</p> <p>The Paper assesses learners' ability to work with texts, find appropriate information, analyse and answer questions using the information from the texts read.</p> <p>Learners read a text and perform tasks of following types:</p> <p><b>Task A consists of 5 questions</b> where learners are expected to understand the meaning and usage of particular words / phrases in context.</p> <p><b>Task B consists of 10 questions</b> where learners are expected to paraphrase sentences using the words/phrases given.</p> <p><b>Task C consists of 3 questions</b>, one is closed-ended and two are open-ended questions where learners are expected to demonstrate reading comprehension. Dictionaries may not be used at the examination.</p>	
<b>Maximum mark</b>	<b>20</b>

# «Қазақстан тарихы» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Қазақстан тарихы»  
пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

Емтихан жұмысы	2 сағат
<p>Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> бір таңдауы бар 15 тапсырмадан тұрады. Онда берілген 4 жауаптың ішінен 1 жауапты таңдауы керек. Тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> қысқа және толық жауапты қажет ететін 3-5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1-6 балмен бағаланады.</p> <p>Тарихи картаны (атлас) қолдануға <b>рұқсат берілмейді.</b></p>	
Барлығы	30 балл

# «Дүниежүзілік тарих» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Дүниежүзілік тарих»  
пәнінен қорытынды  
аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

Емтихан жұмысы	2 сағат
<p>Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> бір таңдауы бар 15 тапсырмадан тұрады. Онда берілген 4 жауаптың ішінен 1 жауапты таңдауы керек. Тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> қысқа және толық жауапты қажет ететін 3-5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1- 6 балмен бағаланады.</p> <p>Тарихи картаны (атлас) қолдануға <b>рұқсат берілмейді</b></p>	
Барлығы	30 балл

# «Алгебра» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

## «Алгебра» пәнінен қорытынды аттестаттау спецификациясы

9 сынып

<b>Орындау уақыты</b>	<b>3 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> бес ұсынылған жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауға берілген 10 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> 8-10 қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-8 балл аралығында бағаланады.</p> <p>Оқушылар математикалық құралдарды қолдана алады (сызғыш, циркуль).</p> <p>Калькуляторды пайдалануға <b>рұқсат етілмейді</b>.</p>	
<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>



# «Геометрия» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Геометрия» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы 8-10 қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-8 балл аралығында бағаланады.</p> <p>Оқушылар математикалық құралдарды қолдана алады: сызғыш және циркуль.</p> <p>Калькуляторды пайдалануға <b>рұқсат етілмейді.</b></p>	
<b>Барлығы</b>	<b>30 балл</b>

# «Физика» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Физика» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9-сынып

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> 4-5 қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады.</p> <p>Тапсырмалар 7-12 балл аралығында бағаланады.</p> <p>Калькуляторды қолдануға рұқсат етіледі.</p>	
<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>

# «Биология» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Биология»  
пәнінен  
қорытынды  
аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Жұмыс екі бөлімнен тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> 4-5 қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Тапсырмалар 2-10 балл аралығында бағаланады.</p> <p>Оқушылар қарындаш, сызғыш және кетіргіш қолдана алады. Калькулятор қолдануға рұқсат етіледі.</p>	
<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>

# «География» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«География» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

Орындау уақыты	2 сағат
<p>Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін, В бөлімі қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады.</p> <p><b>А бөлімі</b> ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін 15 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> қысқа жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан және толық жауапты қажет ететін құрылымдық 2 тапсырмадан тұрады.</p> <p>Тапсырмалар 1-3 балл аралығында бағаланады.</p>	
Барлығы	30 балл

# «Химия» пәнінен

## емтихан жұмысының сипаттамасы

«Химия» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

<b>Орындау уақыты</b>	<b>2 сағат</b>
<p>Жұмыс екі бөлімнен тұрады: А және В.</p> <p><b>А бөлімі</b> 15 бір дұрыс жауабы бар көп таңдауды қажет ететін сұрақтардан тұрады. Әр тапсырма 1 балмен бағаланады.</p> <p><b>В бөлімінде</b> бірнеше сұрақтардан тұратын 4-5 құрылымдық тапсырма бар.</p> <p>Тапсырмалар 2-10 балл аралығында бағаланады.</p> <p>Оқушылар сызғыш, қарындаш, өшірткішті пайдалана алады.</p> <p>Калькуляторды қолдануға рұқсат етіледі.</p>	
<b>Барлығы</b>	<b>50 балл</b>

# «Информатика» пәнінен емтихан жұмысының сипаттамасы

«Информатика» пәнінен  
қорытынды аттестаттау  
спецификациясы

9 сынып

Емтихан жұмысы	2 сағат
<p>Емтихан жұмысы қысқа және толық жауапты қамтитын А және В бөлімдерінен тұрады</p> <p><b>А бөлімі</b> қысқа және толық жауаптарды талап ететін білу мен түсінуге арналған 2-5 құрылымдалған тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1 ден 6 балға дейін бағаланады.</p> <p><b>В бөлімі</b> қысқа және толық жауаптарды талап ететін қолдану және жоғары деңгей дағдыларына арналған 3-6 құрылымдалған тапсырмадан тұрады.</p> <p>Тапсырмалар 1 ден 6 балға дейін бағаланады.</p>	
Барлығы	30 балл